

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ИСЛАМ ЖӘНЕ ӨЗГЕ
ДІНДЕРДІҢ ДАМУЫ
МЕН ОЛАРДЫҢ ӨЗАРА
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ**

XXI ғасыр бүкіл әлем жұртшылығы үшін жаһандану, вестернизациялану ғасыры емес, діннің беделді де ықпалды қоғамдық құбылысқа айналған ғасыр. Бүгінгі заманның бет бейнесін түбегейлі өзгеруге алып келетін бірден бір ең маңызды фактор – дін. Ең ірі әлемдік діндердің бірі – ислам діні. Ислам діні – адамдардың сенімі ғана емес, сонымен қатар өмір сүру салты. Дінді өзінің өмір сүру салтына айналдырған қазақ елі қазіргі таңда күллі әлемге дінаралық келісім мен ұлтаралық татулықтың алтын діңгегі екендігін паш етіп отыр. Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың басшылығымен сатылап дамып, экономикасы ілгеріленіп, демократиялық даму жолына түсіп, Орталық Азиядағы – көшбасшы, халықаралық қоғамдастықта – беделді, ірі мемлекетке айналды. Тәуелсіздік алғаннан бергі ең ірі жеңісіміз бен үлкен жетістіктеріміздің бірі – елімізде діни наным-сенім бостандығының толық бекуі, соның ішінде ислам дінінің өркендеуі.

Бұрынғы Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасының төралқа төрағасы муфтий Мұхаммад – Садық Мұхаммед – Юсуф былай деді: «Ислам – барлық кезеңде және әр түрлі халықтарда адамзаттың негізгі сұраныстарына жауап береді. Біздің басқа діндерден айырмашылығымыз өмір діни және әулиелік болып бөлінбейді. Ислам дегеніміз – әрі сенім, әрі өмір сүру түрі. Исламды уағыздай отырып біз қоғамымыздың барлық проблемаларын шешуге жетістікпен қатынаса аламыз» [1], – деп ислам дінінің қоғамдағы орнын жіті түсіндірді.

Дін рухани өмірдің негізі, қоғамдық өмірдің ажырамас бөлігі болып табылады. XX ғасырдың соңында коммунистік идеологияның атқарып отырған жақындастырушылық қызметін жоғалтып алуы, коммунистік партияның тарауы, ұлттық және мәдени дәстүрлердің қайта жаңғыруы нәтижесінде халыққа діннің рөлін қайта қарауына тура келді.

Бұл үдеріс Қазақстанды да айналып өтпеді. Қазақстандық қоғамның басты ерекшеліктерінің бірі – Қазақстан халқының діни дәстүрлерінің жаңару мен жаңғыру үдерісі егемендік алған сәтпен тұспа – тұс келуінде. Н. Назарбаевтың тәжірибелігі мен парасаттылығының негізінде ішкі және сыртқы саясаттың үлкен жетістігі еліміздің тәуелсіздік алуы мен діни дәстүрлердің жаңғыруы сияқты параллель үдерістердің дау-жанжалсыз дамуы.

Қазіргі таңда елімізде 130-дан аса ұлт өкілдері тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап ұлтаралық және дінаралық қатынастар негізінде өзара бейбітшілік пен келісімде ғұмыр кешіп келеді.

Н.Ә. Назарбаев «Біздің қазақ халқы – мұсылман, діні – ислам» [2] – деуі тегін емес. Ширек ғасырлар бойы қазақ халқы ұрпақтарын білімдар, елгезек азамат болсын деп тәлім – тәрбие берді. Жастарының бойына жайсаң мінез, кішіпейілділік, ізгілік, жанашырлық сынды құндылықтарды туа біте қалыптастырады. Ислам дінінің қазақ даласына енуімен бұл құндылықтар діни түсініктермен кеңейіп, діни сеніммен беки түсті. Қазіргі таңда ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып отырған ұлттық тәрбиенің негізгі принциптері исламдық діни тәрбиемен үндестік тауып отырғанын көреміз.

Ислам – адам баласы өмірінің барлық салаларын қамтитын соңғы, әрі кемел дін. Осы тұрғысынан алып қарағанда, Қазақстандағы діни жағдайға ғылыми сараптама жасап, діннің еліміздегі өркениеттік рөлін, діннің маңызы мен мәнін Н. Назарбаев «В стране, где 70% население составляют мусульмане, духовные лидеры – имамы должны уметь правильно разъяснять каноны ислама и доступно доносить их до людей, вести просветительскую деятельность и рассказывать, что ислам, как и любая другая религия, не имеет ничего общего с терроризмом, экстремизмом или радикализмом [3]», – деп бағамдаса, Ә.Дербісәлі «Ислам діні – қазақ тарихында қашанда өркениет тамыры бола білген дін»[4], Ғ.Есімов «Адам дінге емес, дін адамға қызмет етуі тиіс» [5], Т.Бурбаев «Ислам дінін тани отырып, өзге ағымдағы діндерден сақтана білуіміз қажет. Ислам құндылығы – ұлт құндылығы» [6], Н.Ж.Бәйтенова «Ислам, нәсілшілдік әсіресе, ұлтшылдық және кемсітушілікті қабылдамайды. Ислам адамдарды нәсілі мен ұлты, атақ – дәрежесі мен шығу тегіне қарап емес, адамның тақуалығымен көркем мінезі, рухани кемелділігі және адамшылығына қарап таразылайды. Қарапайымдылық және қайырымдылық, жомарттық және таза имандылық – ислам дінінің мәні. Ислам негізінде тәлім –тәрбие алған жастар қарым-қатынастарда ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, сабырлылық және шыдамдылық танытады», – деп ислам дінінің мәні мен мазмұнын тілге тиек етеді [7].

XXI ғасыр әлемдік жаһандану ғасыры. Жаһандану ғасырында бәрі батыстық сипат алып түрленуде. Тек, дін ғана жаһанданудың ырқына көнбей өз ағысымен дамып, өркен жаюда.

А.Г.Косиченко діннің жаһандану жағдайынан қарсы тұруына 3 түрлі себеп бар деп көрсетті. Оларды «Во-первых, религия оказывает мощное сопротивление унифицирующим процессам глобализации и особенно глобализму как идейной основе глобализации, поэтому следует обратить особое внимание на этот феномен: почему религия слабо поддается унификации, в то время как все остальные измерения экономической, социально-политической и культурной сфер в очень значительной степени подвержены нивелирующему влиянию глобализации. Во-вторых, как стало ясно, религия не просто слабо поддается унификации, но сущностно противостоит ей: последовательно осуществленная унификация в религиозной сфере с неизбежностью ведет к «объединению» религий, к конструированию единой религии, а затем и к устранению религии как таковой. Понятно, что религии не могут встать на этот путь. В-третьих, сегодня религия является единственной реальной альтернативой глобализму и на концептуальном, и на практическом уровне. Поэтому ни один сегмент современного мира не испытывает такого мощного давления глобализации, как религия. При общности критического отношения к глобализации различные религии», – деп жаһандану жағдайындағы діннің негізгі ұстануы мен мәнін айтып өткен.

Шындығында еліміздің экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени салалары жаһанданудың жаңғыруымен өзгеріп жаңаруда. Тек, дін ғана өзінің құндылықтарын жоймай жаһандануға қарсы тұрып өркен жаюда. Бұған тағы бір себеп, әрбір халықтың атадан – балаға мирас болып отырған ұлттық тәрбиесінің негізгі принциптері діни тәрбиемен үндестік тауып отырғаннан болар деп пайымдаймыз.

Қайсы бір дінді алып қарастырмайық, ислам яки өзге дін болмасын адамзат баласын ізденімпаздыққа шақырады. Білім – адамды ойлануға, өзіндік пайымдауға, ғылыми ізденістерді зерделеуді меңзейді. Діни түсінікте ғылым дінді танумен шектелмейді. Ғылым – адам ой-санасының дамуы мен жетілуі болып табылады.

Белгілі ғалым Г. Зиммель «Дін – бейбіт өмірдің субстанциясы. Дін арқылы көпшілік арасында кең танымал бейбіт сүйгіштік идеясы тарайды», [8] – деп діннің негізгі қағидасы – бейбітшілік екендігі жайында сөз қозғайды. Әлемдік діндердің қайсы бірін алға тартсақ та, ешбір дін қан төгуді, зорлық пен зомбылықты құптап, насихаттамайды. Бейбітшілік – діннің

нәр алар түп тамыры. Ислам дінінің де ең басты құндылығы осы – бейбітшілік.

Бүгінгі таңда Қазақстан бүкіл әлем үшін конфессияаралық келісімнің үлгісі ретінде танылды. Орта Азияда ғана емес күллі әлем жұртшылығы үшін Қазақстан – діни толеранттық идеясын тарату жөніндегі көшбасшы елдердің бірі. Біздің еліміздің конфессияаралық үнқатысудағы тәжірибесі бүкіл әлемдегі діни жетекшілердің қолдауына ие болып отыр.

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасында қалыптасқан діни ахуал – исламның даму деңгейінің бүгінгі таңдағы көрсеткіші. Ислам мәдениеті, ислам діни жалпы қазақ сахарасына ғана емес, бүкіл адамзаттың сенімнанымына, тегі мен нәсіліне, тіршілік ететін ортасына қарамастан, бейбітшілік пен ынтымаққа, сабырлық пен тазалыққа, рухани тұтастыққа шақырады.

Мұсылмандардың басты кітабы, Құран Кәрімде, Алланың тура жолы одан пайдаланғысы келген кез-келген адамға ашық [9,81:28]; Қалаған адам Иесіне (Рабб) баратын жолды ұстанады [9,78:29]; Бұл ақиқат Хақ Иелеріңнен, енді кім қаласа соған сенсін, қаласа қарсы шықсын [9,18:29] деген аяттар осыны тұжырымдауда.

Қазақ елі ислам дінін қабылданғаннан бастап құлшылықтарын, ғибадаттарын имам әл-Ағзам Әбу Ханифа мәсхабы және имам Матуриди діни сенім мектебі негізінде атқарған. Ислам діни адамзатты бейбітшілікке, татулыққа, ынтымаққа, ізгілікке, тақуалыққа, әділдікке, тазалыққа, тура жолға үндейді [10].

Ислам дінін негізге ала отырып бейбітшілікті көздеген, Үндістанды билеген Темір көрегеннің немересі Мұхамед Акбар 1575 жылы өз қолымен ғибадатхана салып, діни жікке бөлмей мұсылман, индуизм, буддизм, зороастризм, жайнизм және тағы басқа діндер мен діни ағымдардың беделді өкілдерінің басын тоқайластырған [11] болатын.

Ислам діні Қазақстан халқының 20-дан аса ұлттары мен ұлыстарының діни бірегейлігінің факторы және мәдениетінің рухани негізі болып табылады.

Елімізде 1999 жылы діни бірлестіктердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатымен Қазақстанның діни бірлестіктер қауымдастығы құрылды. Бұл қауымдастық Қазақстандағы діни бірлестіктерді біріктіріп келеді.

Қазақстан аумағында халықтың басым көпшілігі ұстанатын діндер: Сүнниттік ислам (Ханафи масхабы) және православиялық, христиандық сенім. Жалпы Қазақстандағы негізгі конфессиялар: Ислам, Христиандық, Буд-

дизм, Иудаизм, Дәстүрлі емес діндер [12, 40] болып табылады.

А.А. Игнатенко «Қазақстандық мұсылмандар ислам тағлымындағы Әбу – Ханафия масхабын ұстаушылар. Басқаша айтқанда ханафиттер бағытында. Ал, бұл бағыт суннизмдегі басқа үш – ханбалиттік, маликеттік және шарифтік ағымдарға қарағанда неғұрлым толерантты, қанағатшыл, жергілікті әдет-ғұрып, салт-сана заңдары мен дәстүрлі нормаларымен санасатын ағым», – деп Қазақстандағы діни жағдайға бағам берді [13,221]

Ислам дінінің Қазақстан және Орта Азия аймақтарында таралуы VII ғасырдың екінші жартысынан, яғни бірінші омейяд халифі Муавий Ибн-Суфьянның билік ету кезеңінде басталады. Өзбекстан, Тәжікстанмен салыстырғанда Қазақстан аумағында ислам дінінің орнығуы ұзақ және қиын болып, бірнеше ғасырға созылды.

Оған бірнеше тарихи факторлар әсер етті. Қазақтарда ислам, исламға дейінгі діндер өзінше бір сипатқа ие болды. XIX ғ. Қазақстанда исламның әсері біршама өсті. Ш.Уәлиханов «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы» [14] еңбегінде «Қазақтарда шамандық салт-сана мұсылмандық наныммен мидай араласып, ортақ – мұсылман атты дінді құрайды», – деп XIX ғ. бірінші жартысында қазақтарда ислам мен ежелгі көзқарастарының араласуына негіз болғандығы туралы жазады.

О. Сухарева «Халық діни нанымның маңызды белгісі оның синкретизмі болып табылады. Діни синкретизмде екі жақты айырып қарауға болады: Біріншісі, ондағы әртүрлі этикалық дәстүрлердің қосылуы, екінші ежелгі нанымдардың исламмен бірігуі» [15], – деп діннің салт пен санаға сіңісіп кеткендігін алға тартады.

Қазақ даласына ислам діні Арабтардың Орта Азияны бағындыруы нәтижесінде ене бастады. Негізі, ислам діні қазақ даласына күштеп енген жоқ. Ислам діні қазақ тайпаларын рухани және саяси жағынан мығым ұстай алатын дін болды. Алайда шаман дініне, ата-баба аруағына кәміл сенетін қарапайым қара халық ислам қағидаларына мән бермеді. В.В. Бартольд «XIII ғасырда мұсылман Хорезм билеушілері Сырдария және Талас бойындағы мұсылман емес халықтарға соғыс ашуына тура келді» [16] деп жазуына қарағанда сол кезеңде қазақтар ислам дінін дін ретінде танып, өздеріне қабылдамаған. Рузбихан «XIV ғ. қазақтар пұтқа табынушы еді [17]», – дейді жазбасында.

В.В. Бартольд «Тарихшылар 960 жылы исламды өте көп (2000000 шатыр) жаппай қабылдау

туралы хабардың 1043 жылы болғандығын, бұл жолы қыста Шу даласымен көршілес Жетісуда, жазда Волга болгарларының жақын далада көшіп жүретін 10000 үй қабылдағанын айтады» [18].

Ислам дінін таратушылар қазақ сахарасында мекен ететін көшпелі рулар мен тайпалардың салт – дәстүрі мен ұстанар өмірлік тұжырымын әлеуметтік факторларға сүйене отырып, барлығын исламға қарсы келмейтіндей етіп, ислам дінін тарата бастады.

Исламның Қазақстан территориясына толықтай таралуы мен орнығуын бірнеше ірі кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Алғашқы кезең – VIII-IX ғасырда исламның таралуы, яғни ең алғашқы өркендеу кезеңі. Бұл алғашқы кезең – дәстүрлі мәдениет пен ислами діни мәдениет өзара үйлесімділікпен дамып, гүлдене бастаған кезең.

Дәстүрлі мәдениет – бұл тарихи дәуірлер бойында ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, тасымалданып, қалыптасатын күрделі үдеріс. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің толық қалыптасуын Н. Нұртазина Алтын Орда кезеңіне жатқызады: «Қазіргі таңда, жаңа тарихнамалық дәстүріміз қалыптасып жатқан жағдайда, қазақ мәдениеті (немесе мәдени-өркениеттік тип) деген құбылыстың шын мәнінде толық қалыптасып, тарихи шындыққа айналған кезі – мұсылман дінін қабылдаған Алтын Орда кезеңі екенін мойындау аса қажет. Алтын Орда кезеңінде түркі көшпенділігі (номадизм) мен сопылық ислам тамаша үйлесімге келіп, мәдени-әлеуметтік синтез ретінде қалыптасып болды... Түркілер өз тілін, келбетін жойған жоқ, көшпенділікке тән тамаша сипаттар сақтала берді, ислам нұрына бөленген соң ол енді «өркениетті көшпенділікке» айналды» [19]. Ғалымның айтып отырған алтын кезеңі, яғни Алтын орданың дәуірлеген қазақ даласындағы ислам дінінің екінші кезеңі – X-XVII ғасырлар арасы.

Бұл кезеңдерде ислам дінінің философиясы бүтіндей қазақ мәдениетіне сіңсе, салт пен дәстүрге үзеңгілесе дамыды. Ислам дінінің Қазақстанның оңтүстік өңірінде таралуына ықпал еткен бірден – бір тұлға Ахмет Яссауи. Ахмет Яссауи өзі ұстаған ислам дінінің сопылық ілімін, жария ете отырып ислам философиясын жаратушы мен жаратылыс арасындағы қатынастың ара жігін ашып ұсынған сопылық идеялар түркі тектес халықтар арасында тез қолдау тапты, өйткені оны тудырған халықтың рухани сұранысы еді. Аталған наным-сенімдер қазақ халқының жалпы дүниеге көзқарасын білдіреді. [20; 152].

XVI ғасырда исламның тамырын жайып, халық санасы мен тіршілігіне тереңдеп енуі қазақ тайпаларының біртұтас этникалық қауымдастыққа бірігуіне ықпал етті.

Қазақстандағы ислам тарихының ең негізгі кезеңі, XVIII-XIX ғасырлар аралығын қамтиды. Бұл уақытта Қазақстанның Ресей империясының құрамына еніп, ислам дінінің өркендеуі біршама тежелген уақыт. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы Ресей үкіметі отаршыл әкімшілік жүйесі ислам дініне шектеу қоя, дінді халықтан алыстатуға ұмтылды. Тоталитарлық саясат ұстанған негізгі қағидаға сай, Орталық Азия және Қазақстан мұсылмандардың діни басқармасы 1941 жылы Ташкент қаласында құрылды. Бұл ұйым кеңес үкіметінің қарамағында болды. Дін мен ұлтты бір-бірінен алыстату мақсатында осы уақыттан бастап дінсіздік теориясы белең ала бастады.

Қазақстандағы ислам дамуының ең соңғы (қазіргі таңдағы) кезеңі – 1990-1991 жылдардан бастау алады. Бұл кезең тарихи шиеліктерге толы болғанменен «кеңестік үкіметтің» биліктен кетіп, жас мемлекет ретінде Қазақстанның егемендік алуы мен бірге ислам діні де өзіне азаттық алды.

1990 – 91 жылдарды суреттеген философ ғалым А.Қасымжанов былай деп көрсетеді: «Қайта жаңару уақыты туды. Ол рухани тамырларымызды зерттемей, ұғынбай іске асыру мүмкін емес. Іздену, ұғыну – өткенге құрметпен қарау. Бұл халықтың іштей түлеп, өзін – өзі тану жолына түсу, өркениетті қоғамдағы озық халықтардың қатарына терезесі тең қосылу» [21, 88], – деп қазақ халқының өткен тарихтан тағлым ала, болашаққа нық қадам басуы деп түсіндіреді.

Дін, көпдінділік анықтамасы ҚР Конституциясының «Діни сенім және діни бірлестіктердің еркіндігі туралы» Заңында айтылады. Аталмыш Заң сарапшылардың пікірі бойынша кеңестік кезеңнен кейінгі мемлекеттердегі діни ұйымдардың ережесін жүйелеп отыратын заңдардың ішіндегі анағұрлым либералды заң болып табылады [22, 29 б.].

Қай жағынан алып қарастырсақ та, дін – дегеніміз тек сенім жүйесі емес, ол – өмір сүру мәнері, қарым-қатынас әдебі, моральдық нормалар жиынтығы, жақсы мен жаманды, адал мен арамды ажыратушы рухани қағидалар жүйесі. Қазақстандағы дін және оның дамуына баға бере отырып, Нұрсұлтан Назарбаев: «...Біз барша діндердің теңдігі мен Қазақстандағы дінаралық келісімді қамтамасыз етеміз және бұған кепілдік бере аламыз. Біз исламның, өзге де әлемдік және

дәстүрлі діндердің ең үздік дәстүрлерін дамыту-дамыз және оларды сыйлаймыз. Бірақ та заманауи зайырлы мемлекет құрып жатырмыз», [23]–деп атап өтті.

Діннің рөлін зерттеуші ғалым В.И. Гараджа «Дін мен мәдениетке жалпы функционалды көзқарасқа сәйкес, әрбір өркениет түрінде әрбір әдет-ғұрып, идея, діни нанымдар белгілі бір өмірлік қызмет атқарады. Оның ішінде ең бастысы – қоғамдық тәртіптің тұрақтылығын қамтамасыз ету» [24] , – деп діннің рөлін ашып көрсетті.

Мемлекеттің алғашқы заңнамалық актілерінің бірі – Қазақстан Республикасының 1991 жылғы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» [22] Заңы болып табылады. Бұл заңда тәуелсіз Қазақстанның конфессиялық саясатының жоғарыда көрсетілген басты қағидаттары белгіленген еді. Конфессияаралық тұрғыдағы келіспеушіліктердің мүлде болмауы – 25 жыл ішіндегі басты жетістігіміз. Бұл Қазақстан сынды полиэтникалық, поликонфессиялық мемлекет үшін өте маңызды.

2011 жылдың 11 қазанында қабылдаған ҚР-ның «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» [22] заңында ҚР өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, хадықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өмірінде ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлін танытынын, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танытынын негізге алады деп жазылған.

Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктермен байланыс және діни ахуал жөніндегі кеңестің деректеріне қарағанда, 1989 жылы елімізде 661 діни бірлестік болса, оның саны 1993 жылы 977-ге жеткен. Ал, 1995 жылы 1180 діни бірлестік, 1996 жылы 1503-ке жеткен. Діни бірлестіктердің саны 2003 жылы 3072-ге жеткен. Яғни, 1989 жылмен салыстырғанда 2003 жылы еліміздегі діни бірлестіктердің жалпы саны 2411-ге артқан. Ал, араға он жыл салып 2012 жылы қайта тіркеуден 17 конфессия өкілдерінен құралған 3088 діни бірлестік [25] өткен.

XX ғ. 60 жылдары мен XX ғасырдың 80 жылдарының I жартысында Қазақстанда тіркел-

ген мешіттердің өсу динамикасына назар аударар болсақ, 1965 жылы Қазақстан аумағында жалпы мешіттердің саны 25 болса, 1984 жылы оның саны 45-ке жеткен. 1989 жылы 59 мешіт болса, 2003 жылы 1652 мешіт жұмыс жасаған. 2011 жылдың басында Қазақстанда 2811 исламдық діни бірлестік болған. 2012 жылдың 19-маусымында «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислам бірлестігі тіркелді. Оның филиалдары ретінде еліміздің барлық аймағында 2 228 мешіт [25] қайта тіркеуден өтті.

Қазақстандағы дін ұстанушылар саны бойынша исламнан соң екінші орында православие діни тұрады. Қазақстан территориясында орыс православие шіркеуі XIX ғасырдың ортасында пайда болып, күні бүгінге дейін дамып, өркендеп жатыр.

Православие шіркеуінің шынайы қайта жаңғыруы мен дамуы Қазақстан тәуелсіздігін алған соң басталды. Православиенің қоғамдағы орны туралы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев: «... православие мен ислам – Қазақстан руханилығын қалыптастыратын екі негіз» [26] деп нақты айтты.

2011 ж. қабылданған ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының преамбуласында православиенің ислам дінімен қатар тарихи-мәдени ерекшелігі аталып өтілді. 2012ж. аталмыш Заң аясында жүргізілген діни бірлестіктерді мемлекеттік қайта тіркеу қызметіне сәйкес, Қазақстандағы орыс православ шіркеуінің метрополиялық округінде 9 епархия, 261 приходтары өз құқықтық дәрежелерін қайта бекітті. Православие ілімін оқытатын жексенбілік мектептермен қатар, құрылтайшысы – «Қазақстан Православ Шіркеуінің Астана және Алматы Епархиясы» өңірлік діни бірлестігі болып табылатын «Алматы епархиялық діни училищесі» қызмет атқарады. Ислам дінімен қатар православ діни де өркен жайып, діни құндылықтарын дамытып жатыр.

2012 жылдың 7-ші қаңтары күні Астана қаласындағы Қасиетті Успен соборының ашылуында Елбасы: «Құс екі қанатынсыз ұша алмайтыны секілді мемлекет те екі қанатынсыз алға жылжи алмайды. Мемлекетіміздің екі қанаты: Ислам және Православие еліміздің негізгі діндері саналады. Сондықтан да менің шешіміммен Құрбан айт және Рождества демалыс күндері болып жарияланды. Осындай өзара түсіністік арқасында елімізде бейбітшілік, келісім және молшылық орнап отыр. Қазіргі әлем дүрлігіп жатқан кезде Қазақстан өзінің өзара түсін істігімен, келісімімен

және төзімділігімен баршаны таңдандыра білуі қажет [27]» – деп, проваславия діні мен ислам дінінің ел мүддесі үшін маңызды екенін аша көрсетті. Қазақстандағы ресми мерекелердің қатарына Рождества (Исаның Туылуы) православ мерекесі (7 ақпан) енгізілді. Бұл күн республика көлемінде демалыс күні болып саналады.

Қазақстан жеріндегі католик дінінің өзіндік терең тарихы бар. Қазақстандағы католицизм тарихы XVIII ғ. – XIX ғ. басталады. XIX ғ. Қостанай қаласында Ом приходында католик храмы жұмыс істеді. 1917 ж. Қостанай приходына қарасты 6 мың католик және 8 ғибадат үйлері болды.

Католик қауымының шынайы жаңғыруы Қазақстан тәуелсіздігін алған соң ғана мүмкін болды. 1992 ж. қазанында Қазақстан Ватиканмен дипломатиялық қатынастар орнатты. Екі ел арасындағы өзара ынтымақтастыққа 1998 ж. 24 қыркүйекте қол қойылды. Біздің еліміз посткеңестік территориядағы мұндай қадам жасаған алғашқы мемлекет болды.

Католиктіктердің діни ілімі Библияға және Қасиетті жазбаға негізделеді. Католиктіктердің негізгі қағидалары Католик шіркеуінің катехизисында баяндалған. 2012 жылғы қайта тіркеуден 79 Рим-католик шіркеуінің субъектісі өтті. Оның 18-і Қарағанды қаласында, 12-сі Ақмола облысында, 11-і Оңтүстік Қазақстан облысында тіркелген.

Қазақстанға XIX ғ. 80-ж. Ресейдің еуропалық бөлігінен қоныстандыру күшейді. Лютеран, баптист, меннониттердің қауымдастықтары қоныстандыру нәтижесінде пайда болды.

Алғашқы лютеран шіркеуінің қауымы Ақмолада (Астана) 1955 ж. тіркелді. Қазақстанда 1989 жылдың соңында 109 евангелді христиан-баптисттер қауымы тіркелген. Бұл мұсылман мешіттерінен екі есе көп көрсеткіш. 1993 ж. 129 баптистік бірлестік жұмыс істесе, 2002 ж. – 281, 2007 ж. – 290 бірлестік жұмыс істеді. Елімізде 2011 ж. қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң аясында жүргізілген діни бірлестіктерді қайта тіркеуден соң, протестанттық бағыттағы діни бірлестіктер саны күрт азайды.

Христиан дініндегі протестанттық ағымдардың бірі – Лютерандық дін. XVI ғасырда Германияда реформация қозғалысының нәтижесінде Лютерандық дін пайда болды. 2011 жылдың басында қазақстанда лютерандық 32 діни бірлестік есепте тұрған. Қайта тіркеуден 13 жергілікті діни бірлестік өтті. Қазіргі таңда қазақстанда 13 діни бірлестік бар [25].

XVII ғасырдың басында пайда болған христиан дініндегі протестанттық бағыттардың бірі – Баптизм. Өздерінің діни ілімі бойынша баптизм жалпы христиандық және жалпы протестанттық Үшбірлік пен Иса Мәсіхтің құдайға тән табиғатын және жалпы протестанттық құтқарылу туралы қағидаларын ұстанады. Қазақстанда 2011 жылдың басында 364 діни бірлестік, саны аз діни топтар мен филиалдар есепте тұрған. Қайта тіркеуден 364 діни бірлестіктің 100-і өтті. Яғни, 2012 жылдың қазан айының 25-нен бастап, Қазақстан аумағында 100 діни бірлестік жұмыс жасап келеді [25].

XVIII ғасырда Англияда Методизм ағымы пайда болды. Методизм діни ілімі классикалық протестантизм қағидаларын ұстанып, Библияны мойындайды. 2011 жылдың басында елімізде 18 діни бірлестік есепте тұрса, 2012 жылы қайта тіркеуден 11 жергілікті діни бірлестік өтті. 7 – діни бірлестік өтпей қалды. Қазіргі кезде елімізде 11 жергілікті діни бірлестіктер жұмыс жасауда [25].

Алғашқы протестанттық ағымдардың бірі Меннониттер болып табылады. Меннониттер ілімнің негізін қалаушы Менно Симонсқа байланысты қойылған. 2011 жылдың басында қазақстанда 6 діни бірлестік есепте тұрған. Қайта тіркеуден Қарағанды қаласынан бір жергілікті діни бірлестік өтті.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында АҚШ-та Елуіншілер ілімі пайда болды. Елуіншілердің діни ілімінің ерекшелігі Қасиетті Рухтың елуіншілер күнінде жерге түскендігі және соның нәтижесінде Апостолдар мен Иса Мәсіхтің басқа да шәкірттерінің Қасиетті Рух күшіне ие болғандығы туралы жеке тармақтың бекітілуі болып табылады. 2011 жылдың басында 400 діни бірлестік жұмыс жасап келсе, 2012 жылғы қайта тіркеуден 189 жергілікті діни бірлестік өтті.

Пресвитериандық протестанттық ағымдардың бірі болып табылады. Пресвитериандық кальвинизмнің және кең ұғыммен алғанда реформаттық шіркеу тармақтарының бірі ретінде қарастырылады. Пресвитериандық доктрина Құдайдың жоғарғы күшіне сенуге және құдайдан құт-береке келуі үшін тек сенім ғана керек екеніне негізделеді. 2011 жылдың басында елімізде 229 діни бірлестік, саны аз діни топтар мен филиалдар есепте тұрған. Қайта тіркеуден 55 жергілікті діни бірлестік өтті.

«Ехоба куәгерлері» XIX ғасырдың 70 жылдары АҚШ-та пайда болды. Діни ілімінің негізгі ережелері осы ілімнің негізін салушы Чарльз

Расселдің «Қасиетті Кітап зерттеулері» атты жеті томдық еңбегінде жазылған. 2011 жылдың басында елімізде 70 діни бірлестік есепте тұрған. Қайта тіркеуден 59 жергілікті діни бірлестік өткен.

Жетінші күн адвентистері – АҚШ-та 1843 жылы пайда болған протестанттық ағым. Адвентистер сенім мен өмір сүрудің жалғыз ережесі ретінде Библияға сүйенеді, Иса Мәсіхтің екінші рет тіріліп келетін күнінің жақын қалғанына сенеді және сенбіні демалыс күні ретінде ұстанады. 2011 жылдың басында елімізде 67 діни бірлестік есепте тұрған. Қайта тіркеуден 42 жергілікті діни бірлестік өтті.

Жаңа апостолдар шіркеуі 1832 жылы Англияда пайда болды, ол католиктік пен лютерандықтан кейінгі Германияның негізгі шіркеулерінің бірі болып табылады. Жаңа апостолдар шіркеуі апостолдардың ерекше рөлін тани отырып, Библияны өздерінің негізгі оқулығы деп санайды. 2011 жылдың басында елімізде 47 діни бірлестік есепте тұрған. Қайта тіркеуден 8 жергілікті діни бірлестік өтті.

Иудейлік Қазақстан территориясына Хазар қағанаты арқылы енді. XIV ғасырда еврейлердің бір тобы Ираннан Түркістанға қоныс аударды. XX ғасырдың 30-40 жылдары аясында Қазақстан Республикасына еврей қауымдастығының жаппай келуі байқалды. 1994 жылдан бастап, Қазақстандағы еврей қауымдастығы жұмыс істейді.

2011 жылдың басында елімізде Иудейлік дінді ұстанушылардың 26 діни бірлестігі есепте тұрған. 2011 ж. қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы аясында 2012 ж. иудейлік діни бірлестіктер қайта мемлекеттік тіркеуден өтті. Тіркеу нәтижесі бойынша иудейлік 4 діни бірлестік өтті.

Буддизмнің Қазақстанға келуінің жаңа толқыны XVI-XVIII ғғ. жоңғар шапқыншылықтарымен байланысты болды. Жетісу, Балқаш және Орталық Қазақстан далаларында Будда ғибадатханаларының қалдықтары табылған. XIX ғ. бас кезінде Медеу шатқалында будда ғибадатханасы тұрғызылғаны белгілі. 2011 жылдың басында елімізде 4 діни бірлестік есепте тұрған. 2012 қайта тіркеуден 2 буддалық бірлестік өтті. Олар, Батыс Қазақстанда аумағында және Алматы қаласында орналасқан.

«Кришна Санасы Қоғамы» 1966 жылы Нью-Йорк қаласында Бенгаль монахы Бхактиведанта Свами Прабхупада негізін салған неоиндуистік діни бірлестік. Кришна иттер Кришнаға құдайдың құдіретті бейнесі ретінде табынады.

2011 жылдың басында елімізде 14 діни бірлестік есепте тұрған. Қайта тіркеуден 8 жергілікті діни бірлестік өтті.

Бахаи қауымы XIX ғасырдың ортасында пайда болды. Оның негізін «Бахаулла» есімімен танылған парсылық Мирза Хусейн Али қалаған. Бахаи ілімі әлемдік және дәстүрлі діндердің жекелеген қағидаларын негізге ала отырып синтезделген ілім болып табылады. 2011 жылдың басында елімізде 20 діни бірлестік есепте тұрған. Қайта тіркеуден 6 жергілікті діни бірлестік өтті.

Иса Мәсіхтің соңғы қасиетті күндері шіркеуінің (мормондар) негізін 1830 жылы АҚШ-та Джозеф Смит қалады. «Мормон» термині 1830 жылы қасиетті жазба ретінде жарияланған, мормондар Библиямен қатар қолданатын «Мормон кітабынан» шыққан. 2011 жылдың басында елімізде бір діни бірлестік есепте тұрған. Қайта тіркеуден 2 жергілікті діни бірлестік өтті.

XXI ғасырдың әлемдік ішкі тәртібі мен бет-бедері айқын сипат алған шақта, діннің шын мәніндегі өркениетті, адами тәрбиені, демократияны ұлықтайтын асыл қасиеттерін халыққа жеткізіп тарату және түсіндіру – біздің халқымыздың рухани кемелдігін арттырудың кепілі және еліміздің қауіпсіздігінің құрамдас бөлігінің бірі. Осыған орай 2012 жылдан бастап елімізде дінге талап пен тәртіп күшейтіліп олардың қоғамдағы орны мен қызметі айқындалды.

Қазіргі таңда көп конфессионалды Қазақстандағы конфессияаралық келісімге баса назар аударуымыз керек. Көптеген деноминациялардың бір аумақта бейбіт өмір сүруі ел саясатының жемісі ғана емес тұрғылықты халықтың өзара қарым – қатынасының жемісі. Елімізде конфессияаралық ірі қақтығыстар болмады, мұның өзі біздің басымдылығымыз.

Әлемдік жаһандану жағдайында еліміздің бірлігі мен бірегейлігін сақтау үшін, өзіміздің ұлттық болмысымыз бен төлтума мәдениетімізді, рухани құндылықтарымызды болашақ ұрпақ танып білуі, ұлттық бет-бейнемізді жоғалтпай, болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарымыздың ең асылын ұрпақ сабақтастығы арқылы жүйелі түрде жеткізу – өмір талабы. Осы мақсатқа жету үшін ең басты мән береріміз де, ең асылымыз да – дін.

Еліміздің ұлттық және мемлекеттік бірегейлігін сақтау үшін келер ұрпақ өзіміздің ұлттық болмысымыз бен төлтума мәдениетімізді, рухани құндылықтарымызды жіті танып білуі, ұлттық бет-бейнемізді жоғалтпай, болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарымыздың ең асы-

лын ұрпақ сабақтастығы арқылы жеткізу бүгінгі өмір талабы.

Осыған орай көп дінділік пен көп конфессиялық саяси тұрақтылығымды сақтап, ел өр-

кендеуі үшін қазақстандықтардың барлығы өзара тату, ынтымақшыл бола білуі қажет. Ел ертеңі қоғам еншісіне бұйырып тұрған сәтте, қоғам мен дін біртұтастығын бұзбай дамып, өркендеуі қажет.

Әдебиеттер

- 1 Мухаммад – Садық Мухаммад Юсуф. Ислам – и вера, и образ жизни. Звезда Востока – 1988. – № 12 .
- 2 Мұртаза Бұлұтай. Қазақстандағы дін және мемлекет қатынастары, «Дала мен Қала» газеті. – Алматы, 2005. – 5 б.
- 3 Назарбаев Н. Тарих толқынында – Алматы: Атамұра, 1999 – 186 б.
- 4 Дербісәлі Ә. / Ислам және заман. – Алматы: Дәуір баспасы, 2004. – 8 б.
- 5 Есімов Ғ. «Елдік сана философиясы Қазақ елі – мәңгілік» атты дөңгелек үстел материалдары
- 6 Бурбаев Т. Қазіргі Қазақстан жағдайындағы этноконфессионалдық қатынастардың ментальдік негіздері. – Алматы, 2008. – 332 б.
- 7 Қазақстандағы діндер. Жауапты редактор: филос. ғ. д., профессор Н.Ж. Байтенова. – Алматы, 2008.
- 8 Зиммель Г. Социология религии // Избранное. – Т. 1. – М., 1996. – С. 579.
- 9 Қасиетті Құран Кәрім
- 10 Саидбаев Т.С. Ислам и общество. – М., 1978. – 21 б.
- 11 Аханов Б. Дін және еркін ойшылдық. – Алматы, 1993. – 31 б.
- 12 Трофимов Я. Религия в Казахстане. – Алматы: «Әділет – пресс», 1996. – 40 с.
- 13 Игнатенко А.А. Исламские концепции социально – экономического и политического развития: Ближний и Средний Восток. – М., 1985. – 221 с.
- 14 Уалиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы. Таңдамалы 2-басылым. – Алматы: Жазушы, 1985. – 520 б.
- 15 Сухарева О.А. Пережитки демонологии у шаманства у равнинных таджиков // Домусульманские верования и обряды в Средней Азии. – М.: Наука, 1975. – 84 с.
- 16 Бартольд В.В. Сочинение. – Т. 2. – Ч. 2. – 68 с.
- 17 Орынбеков М. С. Қазақ сенімдерінің бастаулары. – Алматы, 2002. – 28 б.
- 18 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана Соц. Т – 2. – Ч.1 – 252 с.
- 19 Нұртазина Назира Дәуітбекқызы. Қазақ мәдениеті және ислам. – Алматы, 2002.
- 20 Иасауи Қ.А. Диуани Хикмет. – Түркістан, 1993. – 144 б.
- 21 Қасымжанов А. Рухани тамырлар. – Қазақ. – Алматы: Білім, 1994. – 176 б.
- 22 «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 1992 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж. – № 4. – 84-құжат;
- 23 Бейсенов Б. Қазақстандағы ислам кеше және бүгін ҚазҰУХабаршысы. – 2009. – №1. – 176 б.
- 24 Гараджа В.И. Религия как предмет социологического анализа. Религия и общества. Хрестоматия по социологии и религии. – М.: Наука, 1984. – Ч. 1. – 775 с.
- 25 ҚМБД ақпараттар сайты.
- 26 Мұртаза Бұлұтай. Қазақстандағы дін және мемлекет қатынастары, «Дала мен Қала» газеті. – №5. – 04.02.2005 ж.
- 27 <http://e-history.kz/kz/contents/view/690> © e-history.kz

References

- 1 Muhammad – Sadyk Muhammad Jusuf. Islam – i vera, i obraz zhizni. Zveda Vostoka – 1988. – № 12 .
- 2 Murtaza Bulutaj. Kazakstandagy din zhane memleket katynastary, «Dala men Kala» gazeti. – Almaty, 2005. – 5 b.
- 3 Nazarbaev N. Tarihi tolkynynda – Almaty: Atamura, 1999 – 186 b.
- 4 Derbisali A. / Islam zhane zaman. – Almaty: Dauir baspasy, 2004. – 8 b.
- 5 Esimov G. «Eldik sana filosofijasy Kazak eli – mangilik» atty dөngelik ystel materialdary
- 6 Burbaev T. Kazirgi Kazakstan zhagdajyndagy jetnokonfessionaldyk katynastardyn mental'dik negizderi. – Almaty, 2008. – 332 b.
- 7 Kazakstandagy dinder. Zhauapty redaktor: filos. g. d., professor N.Zh. Bajtenova. – Almaty, 2008.
- 8 Zimmel' G. Sociologija religii // Izbrannoe. – T. 1. – M., 1996. – S. 579.
- 9 Kasietti Kuran Karim
- 10 Saidbaev T.S. Islam i obshhestvo. – M., 1978. – 21 b.
- 11 Ahanov B. Din zhane erkin oishyldyk. – Almaty, 1993. – 31 b.
- 12 Trofimov Ja. Religija v Kazahstane. – Almaty: «Adilet – press», 1996. – 40 s.
- 13 Ignatenko A.A. Islamskie koncepcii social'no – jekonomicheskogo i politicheskogo razvitija: Blizhnij i Srednij Vostok. – M., 1985. – 221 s.
- 14 Ualihanov Sh. Kazaktardagy shamandyktyн kaldygy. Tandamaly 2-basylym. – Almaty: Zhazushy, 1985. – 520 b.
- 15 Suhareva O.A. Perezhitki demonologii u shamanstva u ravninnyh tadjikov // Domusul'manskіe vervanie i obrjady v Srednej Azii. – M.: Nauka, 1975. – 84 s.

- 16 Bartol'd V.V. Sochinenie. – T. 2. – Ch. 2. – 68 s.
- 17 Orynbekov M. S. Kazak senimderinin bastaulary. – Almaty, 2002. – 28 b.
- 18 V.V.Bartol'd Istorija kul'turnoj zhizni Turkestana Soc. T – 2. – Ch.1 – 252 s.
- 19 Nurtazina Nazira Dauitbekkyzy. Kazak madenieti zhane islam. – Almaty, 2002.
- 20 Iasau K.A. Diuani Hikmet. – T'yrkistan, 1993. – 144 b.
- 21 Kasymzhanov A. Ruhani tamyrlar. – Kazak. – Almaty: Bilim, 1994. – 176 b.
- 22 «Dini senim bostandygy zhane dini birlestikter turaly» 1992 zhylgy 15 kantardagy Kazakstan Respublikasy Zanynyn (Kazakstan Respublikasy Zhogargy Kenesinin Zharshysy, 1992 zh. – № 4. – 84-kuzhat;
- 23 B.Bejsenov.Kazakstandagy islam keshe zhane bygin KazUUHabarshysy. – 2009. – №1. – 176 b.
- 24 Garadzha V.I. Religija kak predmet sociologicheskogo analiza. Religija i obshhestva. Hrestomatija po sociologii i religii. – M.: Nauka, 1984. – Ch. 1. – 775 s.
- 25 KMBD akparattar sajty.
- 26 Bulutaj M. Kazakstandagy din zhane memleket katynastary, «Dala men Kala» gazetii. – №5. – 04.02.2005 zh.
- 27 <http://e-history.kz/kz/contents/view/690> © e-history.kz